

Үсік

- Ұлпаны үсітіп алған кезде суық әсер етеді – буындардың ұзақ мерзімді спазмасы кейінгі тромбозбен ұлпадағы трофикалық бұзушылықтарға әкеледі. Үсу қоршаған ортаның температурасы 0°C -тан төмен болған кезде болуы мүмкін. Саусақтарды үсітіп алу ең жиі кездеседі, одан азырақ – құлақ, мұрын, бет, табан. Тез болғанда, ауа ылғалдығы көбірек болса, соншалықты температура төмен болады. Мас болған кезде үсік жиі кездеседі. Сондай-ақ ол ағзаның жалпы суық тиюіне әкеліп соғады. Алкоголь әсерінен және жылуды тез беруден тамырлардың кеңеюімен түсіндіріледі. Ауыр үсік және ағзаның салқындауы кезінде ағзада ендікпе, тахикардия, АҚ түсуі мүмкін.
- Үсіктің бастапқы кезеңінде үстіңгі қабаттағы үсіген жер ақшыл, салқын, сезімталсыз болып келеді. Науқас үсіген жерін сезе алмай қалады.

Жылытқан кезде қатты ауыра бастайды және көзге көрінерлік ұлпадағы зақымдар үсу деңгейіне байланысты көріне бастайды:

- I деңгей – тері көгеріп кетеді;
- II деңгей – мөлдір сұйықтықпен толытырылған тері көпіршіктері;
- III деңгей – көгерген тері, ісік пайда болады, көпіршік қанды сұйықт ықпен толады, терінің өлуі пайда болады;
- IV деңгей – терінің өлуі және сүйекке дейінгі тереңдіктегі барлық ұлпа зақымданады, бір аптадан кейін – ылғалды немесе құрғақ қағыну.



Үсік деңгейі:



- Қалтырап тоңу-бірінші дәрежелі созылмалы үсік болып табылады. Қоршаған ортаның температурасы 0°C -тан жоғары болса да, қайталанбалы суықтың әсерінен дамиды. Оған әкеліп соқтыратын факторлар: ылғалдылық, жел, қан айналымының бұзылыстары. Қалтырап тоңуға дененің ашық жерлері ұшырайды: бет, қолдың ұы. Зақымдалған аймақтың терісі көкшіл, кейде қызарған, сезімталдығы төмендеген, ісінген, қатайған, ұстағанда мұздай, жылтырады, ауырады. Ауру дерматит, дерматоз, сырылу, ойық түрінде дамуы мүмкін және консервативті емге көнбейді. Қалтырап тоңу көктемде және күзде қайталанатын, әсіресе қыста жиілігі артады



Патогенезі

Жергілікті

- Әсер етуші салқындық
- Тіндердегі алмасу процессінің бұзылысы

Жүйелі

- Жасуша аутолизі
- Организмнің жалпы салқындауы

Үсікте тіндердердің бұзылысы маңызды орын алады. Тіндердің некроздалуы суықтың әсерінен емес, қан айналымның бұзылысына байланысты: спазм, реактивті сатысындағы қан тамырлардың парезі(капиллярлар мен ұсақ артериялар), қан ағысының баяулауы, қанның формалық элементтерінің стазы, тромб түзілісі.



Салқын температура



Спазм




Қан айналым баяу
Қан элементтері
стазы



Тромб

Содан кейін қан тамыр қабырғасындағы морфологиялық өзгерістер қосылады: эндотелиалды құрылымның плазманы сіңіруі, эндотелийдің ісінуі, некроз түзілуі.



Эндотелий ісінуі



Некроздалған тін

Компенсация. ОЖЖ қозуы (гипоталамо-гипофизарлы-бүйрек үсті безі жүйесі, қордағы майлар мен гликоген ыдырауы). Макроэргиялық тотығу процесіне байланысты термогенез бірден жоғарылайды. Осымен қатар артериоланың спазмы мен тіндік қан айналым төмендеуіне байланысты жылу алмасу төмендейді.

Декомпенсация. ОЖЖ мен эндокринді бездердің жасушаларының зат алмасуының таусылуы.

Энергетикалық қордың таусылуы, микросомальды субстраттардың тотығуының төмендеуі. Антиоксидант жүйесімен бақыланбайтын липидтің сутегілік тотығу өнімдерінің жоғарылауы. Жасуша мембранасының өткізгіштігі бұзылады. Артерия тамырының тонусы төмендейді, венаның дилатациясы, ортаңғы капиллярлы қысымның төмендеуі.

Жүрек жұмысы төмендейді. Бүйрек арқылы катиондардың көптеп шығуы натрий, калий, кальций иондарының концентрациясын төмендейді, су-электролиттік тепе-теңдік бұзылады. Гипоксияның тереңдеуінен сүт қышқылы жиналып метаболизмдік ацидоз дамиды.

Классификация

Реактивтіге дейінгі кезең

❖ үсік жарақатынан жылынуға дейін жалғасатын кезең

Стадии обморожения



- (Т. Я. Арьев 1966) ауырсыну пайда болу сатысы

I сатысы Үсік дамуының басталуы	Ауырсыну сезімінің болмауы немесе аздаған ауырсыну
II сатысы Үсіктің дамуы және төменгі температуранң тіндерге әсері	жоқ
III сатысы Жылытудан кейінгі уақыт	Міндетті түрде болады
IV сатысы Демаркация процессінің дамуы және тері жамылғысы мен төмен температура әсер еткен тіндердегі грануляция процессі басталатын уақыт	Алғашқы күндері ауырсыну болады, кейін тек байлап-таңу кезінде ғана болады.

Реактивтік кезең

- Жылытудан кейін дамиды, оған гипоксия, қабыну, тіндердің некрозы тән. Үсіктің клиникалық дәрежесін 12-24 сағаттан кейін немесе кейбір жағдайларда одан да жай уақытта анықтауға болады.



Клиникасы

Үсіктің I дәрежесі

- Ауыру сезімі: шаншып және күйдіріп
- Терінің бозаруы, сипағанда салқындауы болады.
- Буындардың сырқырауына, әр түрлі парестезиялар
- Ағзаны жылытқаннан кейін зақымдалған аймақ қызғылт-көкшіл, кейде бүкіл тері ақ түсті, ісінген, қышу және ашу сезімі байқалады
- Терінің сыртқы түрінің өзгеруі табанда немесе қолда біркелкі болады
- Жазылу уақыты: 5-7 күн



- Үсіктің II дәрежесі
 - Ауырсыну сезімі үсіктің I дәрежесіндей, бірақ қарқынды. Ауыру сезімі 2-3 күн сақталады
 - Терісі қызғылт-көкшіл түсті
 - Мөлдір көпіршіктер алғашқы 2 күнде, кейде 7-8 күнде пайда болады.
 - Көпіршіктер құрамы мөлдір, консистенциясы желе тәрізді, түбі алқызыл түсті, фибринді жабындымен жабылған
 - Сезімталдығы төмендейді
 - Егер, екіншілікті инфекция қосылмаса, онда зақымдалған аймақтың жазылуы шамамен екі аптаға дейін созылуы мүмкін
 - II-ші дәрежелік үсуде некроз көріністері болмайды.
 - Грануляциялар мен тыртықтар түзілмейді.



- Үсіктің III дәрежесі
 - Терінің терінің және оның астындағы жұмсақ тіндер қабаттарының некрозы дамиды
 - Тері түсі көкшіл-қызылт, сипағанда салқын
 - Ісіну
 - Жарылған геморрагиялық көпіршіктер анықталады
 - Зақымдалған аймақты бөліп туратын демаркациялық сызық, 7-10 күндері пайда болады



- Үсіктің IV дәрежесі
 - Некроз теріні ғана емес, терең жатқан тіндерді және сүйектерді де зақымдайды.
 - Тері қарайған
 - Бастапқыда ісінулерді, содан соң мумификацияны байқауға болады
 - Сезімталдығы жоқ
 - Айқын көрінетін демаркациялық сызық 12-14 күндері пайда болады.



ПРИЗНАКИ ОБМОРОЖЕНИЯ

I степень



кожа белеет, затем краснеет и припухает, появляются покалывание и боль;

II степень



образуются волдыри с кровяным содержимым, возникает сильная боль;

III степень



происходит омертвление кожи и подкожных тканей;

IV степень



развивается омертвление глубоко расположенных тканей и костей.

Үсік кезіндегі алғашқы көмек

- Зардап шегушіні ең жақын жылы жерге жеткізу
- Суық басқан аяқ-киімін, шұлығын, қолғабын шешу
- Жедел жәрдем көмегін шақыру



I дәрежедегі үсік кезінде


- Усік шалған жерлерді қолмен, жеңіл ысқылау арқылы, жұқа матамен, немесе үрлеп терісі қызарғанша жүргізу керек.
- Мақталы-дәке таңғышын салу.



II-IV дәрежелі үсік кезінде

- Тез жылыту, массаж немесе ысқылау жасау керегі жоқ!
- Зардап шеккен тері бетіне жылысақтағыш таңғыш салыңыз! (дәке, мақтаныны қалың қабаттап, қайтып дәкені қабаттап, сыртынан клеёнка немесе созылатын мата орау керек!).
- Үскен аяқ-колды қолда бар заттармен бекітеді (тақтай, фанер бөлігі, картон), сосын таңғыш устінен байлам салады!

Зардап шеккендерге ыстық сусын,
ыстық тамақ, алкоголь, аспирин
таблеткасын, аналгин, 2 таблетка "Но-
шпа".



Организмнің жылу өндіруін вена ішіне инфузияларды құю арқылы реттейді. 40-42С жылытылған глюкозаны инсулинмен, 5-10 мл 25% магнезияны вена ішіне, аскорбин қышқылын, майлы эмульсияларды май/көмірсу 1:1 қатынасында енгізеді. Жылытуды 34-34,5 С ка дейін жүргізу. Жылыту кезінде оңтайлы гемодинамиканы сақтап отырады (оцк ны толықтыру, симпатомиметиктер) гидроионның балансын реттеу(калии, кальции ион ерітінділерін) , ацидозды (4 % бикарбонат натрии, калии нитраты, трисамин), қан реологиясын күшейтеді (реопиглюкин, трентал, компламин, гепарин). Температураның тез көтерілуі кезінде булшық етке апизол (0,1-0,5 мг/кг) енгізеді.

Қолдануға болмайды!

- Науқасты қармен ысқылау
- Тез жылыту
- Маймен, спиртпен теріні терең үсу кезінде ысқылауға

«Темірден" үсу

Практикада терінің салқын темірмен жанасып қалған үсу де кездеседі.



«темір» үсу көбінесе терең болмайды, сонда да оны тезірек

- дезинфекциялап
- Жылы су астына қойып, сосын сутегі тотығымен.
- Осыдан соң қан кетуді ақырын тоқтату.
Гемастатикалық губка жақсы көмектеседі, бірақ бірнеше қабатталған стерильді бинтті де салып тоқтатуғы болады.

A winter scene featuring a snow-covered path lined with trees and hedges. The trees are bare and their branches are covered in snow. The path leads into the distance, flanked by low hedges. The overall atmosphere is quiet and serene.

Алдын алу



- Ішімдік қабылдамаңыз – ол кезде организм үлкен жылу көлемін жоғалтады, денедегі жылулық көрінісі пайда болады.



- Аязда шылым шекпеңіз – шылым шегі шеткі қан тамырлар ағысын баяулатады және қол-аяқ ұшын үсуге жеңіл етеді.

- Еркін киім киіңіз— бұл қан ағысына кедергі жасамайды.



- Аязға душтан кейін ылғал шашпен шықпаңыз. Ылғал киім мен аяқ-киімді шешіп құрғатып, болмаса жылы жерге адамды тез жеткізу.



